

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2016 жылғы «23» қараша

### «БЖЗК» АҚ-тың 2017 жылғы комиссиялық сыйақысы

2016 жылғы 28 қазанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен 2017 жылға БЖЗК-ның комиссиялық сыйақысының шамасы:

- инвестициялық табыс сомасынан 5,25%;
- зейнетақы активтерінен айына 0,0225% мөлшерінде белгіленді.

Еске сала кетейік, зейнетақы активтерін біріктіріп, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру комиссиялық сыйақы шамасын бұрын жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары өндіріп алатын комиссиялармен салыстырғанда екі есе азайтуға мүмкіндік берді. Мәселен, жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық табыстан алатын комиссиялық сыйақысы бұрын 15%-ға дейін жеткен, ал зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақы айына 0,05% болған. Кейін 2015 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулысымен 2016 жыл үшін инвестициялық табыстан алынатын комиссиялық сыйақы шамасын 30%-ға, ал зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақы мөлшерін 10%-ға азайту туралы шешім қабылданды.

*«БЖЗК» АҚ» 2013 тамызда 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру» ММ арқылы БЖЗК-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады. «БЖЗК» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруында тұр. БЖЗК зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар жасау функциялары Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық Қорды басқару кеңесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін жүргізуді, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).*

«БЖЗК» АҚ Баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)